

## **№12 Дәріс. Саяси әлем саяси-философиялық рефлексияның объектісі ретінде**

**Дәрістің мақсаты:** Саяси болжамның негізгі мүмкіндіктерімен оның ішкі логикасын студенттерге жан жақты түсіндіру.

### **Дәріс жоспары**

1. Саяси әлем саяси-философиялық негіз ретінде
2. Саяси әлем парадигмалық өлшемдері
3. Саяси әлемді анықтау мәселесі

Саяси философияның не екені туралы сұраққа жауап іздеу үшін, саяси философиялық рефлексияның объектісі не екенін және саяси философияның зерттеу пәні не екенін анықтау керек. Әлбетте, бұл саяси әлем оның дүниетанымдық және парадигмалық өлшемдерінде анықталады. Бірақ бұл өлшемдердің өзін біздің әлем және саяси жүйе туралы түсінігімізсіз анықтау мүмкін емес. Кез-келген түсініктің мазмұны мен мәнін анықтаудың бір жолы – бұл оның негізгі сұлбасы, параметрлері мен құрамдас элементтерін анықтап алу. Саяси әлемді анықтау мәселесі өзі мен адам өмірінің басқа жүйелері арасында шек қою мәселесі ретінде нақтыланады. Атақты неміс философы К.Шмитт айтқандай саяси «адам ойы мен әрекетінің әртүрлі өзіндік пәндік салаларына қатысты, әсіресе моралдық, эстетикалық, экономикалыққа қарсы өзіне тән әрекет ете бастайтын» өзіндік критерилерге ие.

Саяси әлем адам қоғамдыстығының негізгі жүйесінің бірі бола отырып, күрделі және көпқабатты құбылыстар, институттар, қатынастар, процесстер және т.б. кешенін білдіреді. Саяси әлемнің маңызды құрылымдық философиялық құрамы - саяси қатынастар. Егер қатынастар туралы айтар болсақ, әрине, осы қатынастардың субъектілері де болады.

К.Маркстің саясаттың және саяси қатынастардың субъектісі ретінде класстарды, В.Парето және Г.Моска – элиталарды, А.Бентли, Д.Трумен және басқалар – мүдделі топтарды қарастырды. Дегенмен, саяси қатынастардың әр түрлі саяси институттар, әлеуметтік саяси күштер арасында жүзеге асатынын білеміз. Басқаша айтқанда басқалар да саяси қатынастардың субъектілері ретінде бола алады.

Сондықтан, саяси шындық пен феномендерді, қоғамдық сана, әлеуметтік мәдени және саяси мәдени, саяси әлем саласымен байланысты болған, саяси қарым қатынас механизмдері және құралдары, қатынас жүйесін есепке алмай түсіну мүмкін емес. Жоғарыда көрсетілгендей саяси оның субъективтік инфрақұрылымын қамтамасыз ететін, идеология мен әртүрлі идеялық саяси ағымдар маңызды орын алатын, әлемдік көзқарасты безендіреді. Біз саяси әлем туралы айтқан кезде ең алдымен олардың қалыпты қызмет етуі, бір бірімен қарым қатынасы үшін әр нақты жағдайда болған, тұрып қалған, статикалық жағдайлар, функциялар, құрамдас элементтер, феномендерді айтамыз. Бірақ саяси мұнымен шектеліп

қалмайды, өйткені саясидың маңызды сипаттарының бірі динамика, яғни, бұл сала әрқашан өзгеріп отырады. Сонымен қатар саясидың құрамына теориялық және әлеуметтік философиялық интегралдық бөліктер кіреді. Бұл контексте саяси философия саяси білімдердің және дәстүрлердің, саяси жүйелер мен идеялық саяси парадигмалардың және ағымдардың және т.б. тарихын қамтиды.

Бұл жерде саяси әлемнің орталығында мемлекет, билік және билік қатынастары орналасады. Олар саяси философия мен саяси ғылымның негізін қалаушы категорияларды құрайды және саясаттың, саяси институттардың және барлық саяси әлемнің мақсаты мен мәнін түсінуге жол ашады. Тек билік пен мемлекет табиғаты туралы мәселені ашқанда ғана, саясатты барлық қоғамдық жүйеден және қоғамдық қатынастар кешенінен бөліп алуға болады.

Мемлекетке дейінгі кезеңде, мысалы алғашқы қауымдық дәуірдегі саяси туралы айту құқыққа сай екендігі туралы мәселе көп талқыланады. Ежелгі әлемде және ортағасырда мемлекет пен билік саясидың бір бөлігін құрады, ол өз кезегінде біртұтас адам қауымынан өзіндік жүйе ретінде әлі бөлініп шықпаған. Жоғарыда көрсетілгендей антикалық Грецияда полис өзіндік саяси институттар және қатынастармен қоса, адам өмірінің басқа да саласына қатысты, институттар, нормалар, құндылықтар, ұйымдық формаларды қамтыды. Бұл ежелгі әлем мен орта ғасырлық мемлекеттердің барлық формаларына тәжірибе жүзінде қолдану мүмкін және дұрыс болды. Мемлекет саясат бар жерде болады, бірақ саясат өзі мемлекеттен тыс бола алады. Мысалы – әр түрлі халықаралық ұйымдарда, мемлекет әрқашан анықтаушы роль атқара бермейді. Қалай болғанда да, «мемлекет» және «саясат», «мемлекет» және «саяси» түсініктерінің тығыз байланысты екені айтпаса да белгілі. К.Шмитт «мемлекет түсінігі саяси түсінігін білдіреді» деп әділ атап өткен. Оның сөзіне сәйкес, «мемлекет аумақтық тұйықтықта ұйымдастырылған, халықтың саяси мәртебесі. Мемлекет сөздік мағынасы және тарихи көрінісі бойынша халықтың ерекше жағдайы ... бұл – тек қана мәртебе». Шмиттің айтуынша, бұл екі белгі де – мәртебе және халық – үлкен белгінің, яғни, саясидың арқасында мәнге ие болды.

Кейбір авторлар билікке сондай үлкен мән бергені сонша, оны жалпы саяси әлеммен теңестіреді. Мысалы американ саясаткері Дж.Кетлиннің ойынша «саяси ғылым биліктің қоғамдағы зерттелуіне, яғни, билік туралы ғылымға айнала бастады. Бұл билікке деген шынайы ерік туралы және қоғамдағы тиімді үйлесім туралы ғылым». Бұл жерде саяси ғылым тек қана билік феноменін зерттейтін пән ретінде сипатталады. Билік 6 тарауда көрсетілгендей, мемлекет пайда болғанға дейін өмір сүрген, ол адамның үйірлік жағдайдан шығуымен бірге пайда болды. Соған қарамастан сол кезге қатысты билік институттарының институтталуы, мемлекеттік және саяси биліктің табуы, тыйымдар жүйесінен алғашқы қауымның барлық көрінісінде өмір қызметін реттеу формасынан бөлінуі туралы айтуға болмайды. Әлеуметтік жіктелудің күшеюімен және мемлекеттің пайда болуымен қауым бастығының беделінің орнына жария билік беделі келді. Мемлекет атынан

қоғам үстінен қарайтын, ерекше мәжбүрлеу мекемелері, билік аппараты пада болды. Басқаша айтқанда мемлекет те билік те бірін-бірі толықтырып, күшейтіп тұрады. Мемлекет – билік пен билік қатынастарының басты немесе жалғыз субъектісі. Осы сапасымен олар саяси әлемнің орталық немесе осьтік элементін құрайды.

Әдетте саяси салада мемлекеттің немесе үкіметтің, қоғамдық саяси құрылымдардың әрекеттері мен шаралары ғана, мәнге ие болмайды, сонымен қатар олардың бағалануы және қабылдануы, олардың қандай контексте берілуі және т.б. маңызды. Қоғамдағы үстемдікке ие болған нормалар мен ережелер, жүріп-тұру стереотиптері, вербалды реакциялар, саяси символика және белгілер жүйесі және ұлттық мәдениеттің басқа да компоненттері маңыздылыққа ие. Мәдениет адамның өмірін және оның әлеуметтік-тарихи өмір сүру ортасын, негізгі инфрақұрылымын білдіреді. Әр халықтың ұлттық санасының массивінде осы халықтың рухын, мінезін, менталитетін анықтайтын базистік, туа біткен элементтері болады және олар оның саяси жүйесіне туа біткен мөр қоя алмайды.

Сондай-ақ адам табиғаты өзін белгілі бір мәдениетпен, дәстүрмен, ол өзі мақтан тұтатын, өзінің тілінің, белгісінің бар болғандығымен, адамды адам ететіндігімен теңестіре алмайды. Ұлттық мәдениетте адам өзінің бейнесін іздейді, онда ол өзін өзіне ұқсастарға теңестіреді, басқаша айтқанда өзін таниды. Адамның өмір сүру формасы бола тұра, мәдениет адамның бар болқына және мәніне де қатысты. Мәдениет – адамның егеменді өмір сүруінің негізі десе де болады.

Бұл мәселенің жекелеген аспектілері біздің әдебиетте көрініс тапқан. Бұл жерде саяси философия мен адамдардың әлемге деген саяси көзқарасының бірқатар маңызды аспектілері аздап өзгерген формада көрініс тапқан, саяси мәдениет туралы мәселе қарастырылғанымен шектелмейік.

Саяси мәдениет – ұлттық және әлеуметтік саяси қоғамның саяси әлем, заңдар және олардың жүзеге асу ережелері туралы көріністер кешені. Оның құрамына көп уақыт бойы қалыптасқан, саяси дәстүрлер, әрекет етуші саяси тәжірибе нормалары, идеялар, концепциялар және әр түрлі қоғамдық саяси институттар арасындағы қатынастар туралы пікірлер, адамдардың жалпы жүйеге қатысты, оның құрамдас институттары мен саяси ойынның маңызды ережелері кіреді.

Оларды жүзеге асыру формалары, оларды халықтың көпшілігімен қабылдау немесе қабылдамауға көбіне саяси мәдениеттің негізгі белгілері себеп болады. Мәдениет өмірдің әртүрлі салаларындағы және өмірлік жағдайлардағы жүріп тұру ережелері мен формаларды анықтайтын сияқты, жалпыұлттық мәдениет жалпы қоғамдық өмірге жалпылық және интеграцияланғандық сипатын береді, саяси мәдениет саяси саладағы ойындардың ережелері мен жүріп тұру нормаларын, олардың бірлігін, жалпылығын және интеграцияланғандығын қамтамасыз ете отырып анықтайды. Бұл жерде саяси мәдениеттің құрамына формалды саяси институттарды жігерлендіретін этнос, рух кіреді.

Әлеуметтік-мәдени және саяси қоғам ретіндегі кез-келген мемлекет пен ұйымның ұқсастығын бекітудің және құраудың қажетті бөлігі ұлттық-мемлекеттік бірлікті жүзеге асыратын, ұлттық-мемлекеттік символдар мен идеалдар. О.Шпенглер айтқандай барлық мәдениеттің бірлігі оның белгілерінің ортақ тіліне сүйенеді. Әр халық өзінің ұлттық мемлекеттік белгілерін құрады және құрметтейді, олардың арасында әр түрлі тулар, елтаңбалар және нышандар, басқа да мемлекеттік саяси өзін өзі теңестіру символдары мен атрибуттары маңызды орын алады. Олардың маңыздылығы туралы әртүрлі мемлекеттік және билік белгілерінің ежелгі уақытта пайда болғаны куәлік етеді. Мысалы, даналықтың, биліктің белгісі ретінде бүркіттер Ежелгі Египетте кездескен. Б.з.д. 7 ғасырда екі басты бүркіт Мидия патшалығы мен Ассирияның қосылуын бейнеледі. Бүркіттің бейнесі б.з.д. 6 ғасырдағы Халдеидің мөрінде кездеседі.

Саяси әлем өзіндік екі саладан тұрады: шенеуннеуніктер, мемлекеттік қызметкерлер, партиялар, ұйымдар, бірлестіктер, корпорациялар, халықаралық қауымдастық немесе халықаралық саяси жүйе институттары арқылы атқарушылар жүзеге асыратын, нақты немесе күнделікті саяси тәжірибелерден; барлық деңгейдегі стратегиялық сипаттағы саяси бағдарламалар, идеологиялар, курстарды жасау саласы және оларды жүзеге асыру жолдары, құралдары мен формаларына қатысты шешімдер қабылдау. Бұл М.Вебердің шенеунік пен саясаткер арасындағы жүргізген бөлуіне сай келеді. Алғашқысының мақсаты саяси шешімнің мазмұны мен бағыты үшін жауапкершілікке ие болмай, саясаткердің қабылдаған шешімдерін мүлтіксіз кәсіби орындау. Мұндай жауапкершілікке саясаткерлер ие, олар бағдарламалық нұсқаулар мен оларды жүзеге асырудың негізгі бағыттарын жасау тапсырмасын өздеріне алады. Австриялық социолог және саясаткер А.Шеффле бірінші саланы «мемлекеттің күнделікті өмірі», ал екіншісін – «саясат» саласы деп атады. Бірінші салада әр жағдай бойынша шешімдер күнделікті тәжірибелік қызметте нақты бекітілгент құқықтық немесе басқа да нормларға, ережелерге, ұйғарымдарға және прецеденттерге сай қабылданады. Бұл жерде саясат туралы сөздік мағынасында емес, күнделікті әкімшілік басқару туралы айтқан дұрыс. Шеффленің ойынша саясат туралы біз мәселе заттардың жаңа жағдайын заңдастыру туралы болғанда, мысала шет мемлекетпен шарт жасасу туралы, парламентпен салық туралы жаңа заң қабылдау, сайлау кампаниясын өткізу, оппозициямен қарсылық акциясын ұйымдастыру және үкіметтің осы акцияларды басуы және т.б. туралы болғанда ғана айтуға құқылымыз[1]. Мұндай бөлу шартты сипатқа ие, өйткені саяси күштерді жаңаша орналастыру және соған сәйкес саяси шешімдер қабылдау күнделікті мемлекеттік басқару процесінде де мүмкін.

Қарастырылған көзқарас тұрғысынан келесі мәселе мәңгі ие, ағылшын тілінде «саясат» ұғымын білдіру үшін екі термин қолданады: «policy» және «politics». Р.Арон айтқандай «саясат» сөзі бірінші мағынасында – бұл қоғам алдында тұрған мәселеге немесе мәселелердің жиынтығына қатысты адам немесе адамдар тобымен жүзеге асырылатын бағдарламалар, әрекеттер әдісі немесе әрекеттердің өзі». Екінші мағынасында бұл сөз «қоғамдық өмірдің, әр

түрлі саяси (policy мағынасында) бағыттар бәсекелесіп немесе бір бірімен күресіп жатқан саласына қатысты. Саясат сала ретінде – бұл оның ішінде өзінің жеке policy бар, яғни, өзінің мақсаттары, мүдделері, әлемге деген көзқарасы да бар топтар мен тұлғалардың күресі жүзеге асып жатқан жиынтық» [2]. Осының бәрі саясат бір уақытта қызмет саласы және қызмет формасын білдіретіні туралы айтады.

Жоғарыда аталғандардың барлығы саяси түсінігі мемлекет, саяси жүйе, билік және т.б. түсінігінен әлдеқайда бай және кең деген қорытынды жасауға жеткілікті негіз бола алады. Дегенмен осы түсініктің барлық көпмәнділігіне қармастан, саяси әлем туралы айтқанда, мәселе бәрібір адам өмірінің билік қатынастарымен, мемлекетпен және мемлекеттік құрылыммен, адам қоғамының өміршеңдігіне кепілдік беруге, олардың жалпы еркін, мүддесін және қажеттіліктерін жүзеге асыруға арналған институттар, қағидалар, нормалармен байланысты адамдар өмірінің ерекше саласы туралы болады. Басқаша айтқанда, саяси деген – осы қоғамда тәртіпті сақтау және бекіту және ол үшін басқа да өмірлік маңызды мақсаттарды жүзеге асыру үшін болған, олардың түпкілікті билігі мен мәртебесі мойындалған, қоғамдағы феномендерге, институттарға, ұйымдық формаларға және қатынастарға қатысы бардың бәрі.

Саясаттың көп өлшемдері бар – экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-психологиялық, құрылымдық, функционалдық, әлеуметтік философиялық және т.б.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с

17. Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
18. Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
19. Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия